

**БЕКІТЕМІН**  
**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» МКК директоры**  
**Г.М.Абишев**  
» 06 2023 ж.



**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНА  
КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНА  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА  
Қ А Б Ы Л Д А У Е Р Е Ж Е Л Е Р І**

Шымкент қаласының ДСБ-ның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» МКК (әрі қарай-Колледж)  
Қабылдау комиссиясының өз жұмысында басшылыққа алатын негізгі құжаттары мен ережелері:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасы;
- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасы;
- Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 Қаулысы.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Колледждің қабылдау комиссиясына Қазақстан Республикасының кадрлар даярлау үшін орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

1.2. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша Колледждің қабылдау комиссиясына мемлекеттік тапсырысы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау Конкурстық Білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйесінде (білім беру платформасы) арқылы жүзеге асырылады.

1.3. Колледжге қабылдау «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы бойынша көзделеді. **Қабылдау квотасының мөлшері** «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген:

- 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1 пайыз;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін – 0,5 пайыз;
- 3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 35 пайыз;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;
- 5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 5 пайыз;
- 7) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5 пайыз;
- 8) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1 пайыз;
- 9) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 1 пайыз.

1.4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттарды талапкер қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін ұсынады.

Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім беру ұйымының сайтында орташа конкурстық балды көрсете отырып, талапкерлер мен қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оның күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

1.5. Конкурсқа өтініш берген кезде оқуға түсушілер Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

білімнің білім беру төрт ұйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін таңдай алады.

1.6. Тұлғаларды орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауды кездейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына білім алушылар құрамына оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

## 2. Қабылдауды ұйымдастыру

2.1. Колледжге азаматтарды оқуға қабылдау мәселелерін шешу үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады, ол өзінің жұмысын 10 маусымнан кешікпей бастайды.

Қабылдау комиссиясының құрамына қоғамдық ұйымдардың, білім беру ұйымдарының және жұмыс берушілердің өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

2.2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығының 2-тарауының 32-тармағына сәйкес колледжде шығармашылық емтихандар өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады.

2.3. Колледждің қабылдау комиссиясы оқуға түсуге азаматтардан өтініш қабылдау мемлекеттік тапсырыс бойынша Конкурса қатысу үшін негізгі орта білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамыз, келісім-шарт (ақылы) негізде 25 маусым мен 25 тамызға дейін жүргізеді.

2.4. Талапкер білім беру ұйымына құжаттар топтамасын College SmartNation порталы арқылы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін «электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес ұсынады (*Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының қосымшалары қоса тіркеледі*).

2.5. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Стандартта келтірілген.

2.6. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

2.7. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік

көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

2.8. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

2.9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Қағидаларға 2-қосымшаға (қоса тіркелген) сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

2.10. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға ТжКОББ ұйымдарына құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жолдайды. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11- тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

2.11. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

2.12. Колледждің қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 2 тарау 33 тармағына сәйкес психометриялық тестілеуден өткізеді.

Психометриялық тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

2.13. Колледждің қабылдау комиссиясы психометриялық тестілеу нәтижелерін мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға арналған Конкурсқа қатысу үшін Шымкент қаласының Білім басқармасының ақпараттық жүйесіне жібереді.

2.14. Колледждің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке білімі туралы құжаттың түпнұсқасын бере отырып, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №075-Е нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюоро суретімен, 3x4 көлемдегі 4 фотосуретін қоса береді.

Оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттар жеке ұсынылады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерде тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- босқын – босқынның куәлігі;
- пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

- қандас – қандас куәлігі.

2.15. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квоталық санат ескеріледі.

2.16. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 276 бұйрығының 2-тарау, 59 тармақшасына сәйкес орташа конкурстық балл олардың жалпы бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

Бағалардың жиынтық балы:

- жалпы орта білімі бар (11-сынып) түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың бағалары;

- мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың бағалары бойынша қалыптасады.

- мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – білім туралы құжаттың (диплом) орташа балы.

Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда міндетті және бейінді пәндер тізбесін білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.

- мамандық бейініне сәйкес келмейтін медициналық мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – мамандық бейіні бойынша екі пән және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып эссе жазу түріндегі арнайы конкурс.

- мамандық бейініне сәйкес келетін медициналық мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып эссе жазу түрінде арнайы конкурс белгіленеді. Эссе жазуға және бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды.

2.17. Мамандық бейіні бойынша пән Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасының 5-қосымшаға сәйкес анықталады:

- 09120100 «Емдеу ісі»

- 09130200 «Акушер ісі»

- 09130100 «Мейіргер ісі», 4S0913003 «Жалпы тәжірибедегі мейіргер».

5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктіліктерімен ;

- 09880100 «Гигиена және эпидемиология»;

- 09110100 «Стоматология»;

- 09130100 «Лабораториялық диагностика»;

- 09140100 «Ортопедиялық стоматология» мамандықтарына бейінді пән -

биология және химия ;

- 09160100 «Фармация» мамандығына бейінді пән - химия және биология

2.18. 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен 09130100 «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 1 жыл 6 ай білім алушылар үшін талаптар:

- тәжірибелік медицинада «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес еңбек өтілі және маман сертификаты, жұмыс орнының мамандар бөлімімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі;

- «Фельдшер», «Акушер» біліктіліктерімен «Емдеу ісі» мамандығы, «Акушер» біліктілігімен «Акушер ісі» мамандығымен «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша маман сертификаты және осы мамандық бойынша 3 жылдан кем емес еңбек өтілі, жұмыс орнының мамандар бөлімімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі;

- осы мамандық бойынша білім алушылар қатарына қабылдау эссе жазу арқылы жүзеге асырылады.

- эссе жазуға және бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымының қабылдау комиссиясы айқындайды.

2.19. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және психометриялық тестілеу нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледж басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері конкурсқа кіретін пәндер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымындағы педагогикалық қызметкерлердің санынан құрылады.

2.20. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13<sup>00</sup>-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

2.21. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

### **3. Білім алушылар құрамына қабылдау**

3.1. Конкурсты Білім басқармасы талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің орташа конкурстық балына автоматты түрде бөлу арқылы, бейінді пәндердің орташа балы бойынша және қабылдау квотасын ескере отырып, арнайы өткен психометриялық тестілеудің нәтижелері бойынша өткізеді. Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді Білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйесінде (білім беру платформасы) жүзеге асырылады.

3.2. Конкурстан өткен білім алушыларды колледждің қабылдау комиссиясы мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі бөліміне қабылдау 26 тамыз бен 31 тамыз аралығында жүргізеді.

3.3. Келісім-шарт (ақылы) негізінде күндізгі бөліміне студенттер қатарына конкурс төмендегі тәртіппен жүргізіледі:

- орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурс білім

туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.

Қабылдау кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда мыналардың құқығы басым болады (растайтын құжаттар болған жағдайда): жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топтағы мүгедектер, медициналық-әлеуметтік сараптау тұжырымына сәйкес оқу орындарында оқуға қайшы келмейтін бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары бар (аттестаттар, дипломдар) азаматтар.

3.4. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына қабылдау мамандықтар, оқыту тілі бойынша қабылдау комиссиясының отырыстарында жүргізіледі.

3.5. Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба колледждің мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

3.6. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиялары орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына түсушілердің назарына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін ақпараттық қабырғалықтарға немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.

3.7. Колледжге оқуға қабылдау қабылдау комиссиясының ашық отырысында мамандықтар, бөлімдер және оқу тіліне қарай бөлек жүргізіледі.

3.8. Шымкент қаласының ДСБ-ның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» МКК қалалық Денсаулық сақтау басқармасына және қалалық Білім беру басқармасына берілген үлгі мен мерзімде жедел статистикалық есеп береді, ал қабылдау біткеннен кейін, он күн мерзім ішінде колледжге қабылдауды ұйымдастыру мен өткізудің жиынтық мәтіндік нысандағы есебін береді.

3.9. Қабылдау осы Үлгі ережеде регламенттелмеген мәселелерді оқу орнының қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

Ереже Шымкент қаласының  
ДСБ-ның шаруашылық жүргізу  
құқығындағы «Жоғары медицина  
колледжі» МКК қабылдау  
комиссиясының мәжілісінде  
талқыланып, қабылданған  
№ 1 хаттама  
« 16 » 06 2023 жыл

Қабылдау комиссиясының

жауапты хатшысы Ассия Хамитова А.Ж.